

# "ҚАЗАҚСТАН ҚОР БИРЖАСЫ" АҚ

---

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің  
Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын  
бақылау мен қадағалау комитетімен

**2012 жылдың 12 сәуірінде**

**келісілді**

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің  
Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын  
бақылау мен қадағалау комитетінің  
Төрағасы

**К.Б.ҚОЖАХМЕТОВ**

"Орталық бағалы қағаздар  
депозитарийі" АҚ

2012 жылдың 13 наурызында

**келісілді**

Президенті

**Б.Х.ҚАПЫШЕВ**

"Қазақстан қор биржасы" АҚ  
Биржалық кеңесінің шешімімен

(2012 жылдың 29 ақпанындағы  
№ 04 отырыс хаттамасы)

**бекітілді**

2012 жылдың "23" сәуірінен бастап

**қолданысқа енгізілді**

## Репо операцияларын жүзеге асыру ЕРЕЖЕЛЕРІ

## ТҮЗЕТУЛЕР ПАРАҒЫ

### 1. № 1 өзгерту:

- Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын бақылау ме қадағалау жөніндегі комитетпен 2012 жылдың 29 маусымында келісілді;
- "Қазақстан қор биржасы" АҚ Биржалық кеңесінің шешімімен (2012 жылдың 28 мамырындағы № 10 отырыс хаттамасы) бекітілді;
- 2012 жылдың 02 маусымынан бастап қолданысқа енгізілді.

### 2. № 2 өзгерту:

- Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкімен 2014 жылдың 24 сәуірінде келісілді;
- "Қазақстан қор биржасы" АҚ Биржалық кеңесінің шешімімен (2014 жылдың 28 наурызындағы № 14 отырыс хаттамасы) бекітілді;
- 2014 жылдың 06 мамырынан бастап қолданысқа енгізілді.

### 3. № 3 өзгертулер мен толықтырулар:

- "Қазақстан қор биржасы" АҚ Биржалық кеңесінің шешімімен (2015 жылдың 11 наурызындағы № 4 отырыс хаттамасы) бекітілді;
- қолданысқа енгізілген жоқ.

Осы Ережелер "Қазақстан қор биржасы" АҚ (әріректе – Биржа) сауда-саттық жүйесінде репо<sup>1</sup> операцияларын жүзеге асыру тәртібін және осы операциялар бойынша есептесудің негізгі шарттарын, сондай-ақ, репо операцияларының қатысушыларының осы операциялар бойынша өз міндеттемелерін тиісті орындамағаны үшін жауапкершілігін анықтайды.

## 1 Тарау. ЖАЛПЫ ҚАҒИДАЛАР

1. Репо операциясы, бір уақытта жасалатын, орындау мерзімінде айырмашылығы бар және бір атаудағы (репо операциясының заты болып табылатын) бағалы қағаздармен жасалған, бір-біріне қарама-қарсы мәмілелердің тараптары (репо операциясының қатысушылары) бір тұлғалар болып табылатын, мәмілелердің жиынтығы:
  - 1) репо ашылу мәмілесі (ашылу мәмілесі): бір атаудағы бағалы қағаздарды алып-сату мәмілесі бойынша репо операциясына қатысушылардың бірі осы мәміле сомасындағы ақшаны екіншісіне аударуын және репо операциясына қатысушылардың екіншісі белгілі бір бағалы қағаздар санын біріншісіне аударуын тұспалдайтын мәміле;
  - 2) репо жабылу мәмілесі (жабылу мәмілесі): репо ашылу мәмілесіндегі сол атаудағы бағалы қағаздардың алып-сату мәмілесі бойынша репо операциясына қатысушылардың екіншісінен осы мәміле сомасындағы ақшаны біріншісіне аударып, аталған репо операциясының бірінші қатысушысы репо ашылу операциясының бағалы қағаздарының санын екіншісіне қайтаруды тұспалдайтын мәміле.
2. Жеке тұлғаға қатысты репо операциялары келесідей бөлінеді:
  - 1) тікелей репо операциясы (тікелей репо), яғни, осы тұлға репо операциясының затын қайта сатып алу міндеттемесін алу шартымен сатуы;
  - 2) кері репо операциясы, яғни, осы тұлға репо операциясының затын қайта сату міндеттемесін алу шартымен сатып алуы.
3. Осы Ережелердің мақсаттары үшін репо операциясы деп тікелей репо операциясы (тікелей репо), сондай-ақ, кері репо операцияларын түсіну керек.
4. Осы Ережелерде қолданылған ұғымдар келесіні білдіреді:
  - 1) **"репо жабылу датасы"** немесе **"жабылу датасы"** – репо операциясына қатысушылары немесе сауда-саттық жүйесі жабылу мәмілесін жасасуға белгілеген күні;
  - 2) **"репо ашылу датасы"** немесе **"ашылу датасы"** – ашылу мәмілесін жасасқан күні;
  - 3) **"репо операциясының кірістілігі"** – репо операциясының мерзімі мен ашылу және жабылу бағалары айырмасына тәуелді, жылдық пайызбен есептелетін, репо операциясының сандық сипаттамасы;
  - 4) **"Биржа маклері"** – қаржы құралдарының сауда-саттығын ұйымдастырып, өткізу бойынша қызметтер атқаратын, осындай қызметтерді жүзеге асыратын Биржаның басқа қызметкерлері арасында ең жоғарғы өкілеттілікке иеленген, Биржа қызметкері;
  - 5) **"репо сатып алушысы"** – ашылу мәмілесін жасасқанда репо операциясының затын сатып алып, жабылу мәмілесін жасасқанда сататын, репо операцияларының қатысушысы;
  - 6) **"репо сатушысы"** – ашылу мәмілесін жасасқанда репо операциясының затын сатып, жабылу мәмілесін жасасқанда сатып алатын, репо операцияларының қатысушысы;
  - 7) **"автоматты репо нарығы"** – репо операцияларын "автоматты" тәсілмен жүзеге асыруға арналған, сауда-саттық жүйесінің мамандандырылған бөлігі;

---

<sup>1</sup> "репо" ағылшын сөзінен – жалпы қабылданған "repurchase agreement" ("кейін қайта сатып алу міндеттемесімен сату туралы келісім") сөз тіркесінің қысқартылған түрі.

- 7-1) **"неттингпен репо нарығын"** – репо операцияларын неттингті қолданып және осы Ережелерде және Биржаның басқа да ішкі құжаттарында белгіленген ерекшеліктерді ескеріп, "автоматты" әдіспен жүзеге асыруға арналған, сауда-саттық жүйесінің арнайы мамандандырылған бөлігі *(осы тармақша Биржалық кеңестің 2015 жылдың 11 наурызындағы шешімімен енгізілген)*;
- 8) **"Растау жүйесі"** – бұл жүйеге қосылған тұлғаларға, олардың тапсырмаларымен Биржаның Сауда-саттық жүйесінде осы тұлғалардың немесе олардың клиенттерінің (осыларға қатысты бұл тұлғалар бағалы қағаздардың номиналды ұстаушылары болып табылады) тапсырмасы бойынша бағалы қағаздармен жасалған мәмілелер туралы мәліметтер алуға қол жеткізетін, және алынған мәліметтердің негізінде Биржаға аталған мәмілелерді растау (мәміле жасасуға берген тапсырмалардың талаптарына мәмілелер шарттарының сәйкестігі туралы хабарлау) немесе осы мәмілелерді растаудан бас тартуға мүмкіншілік беретін, Биржаның бағдарламалық-техникалық кешені;
- 9) **"Репо операцияларын "тікелей" әдіспен жүзеге асырудың жалпы шарттары туралы келісім"** – репо операцияларын "тікелей" тәсілмен жүзеге асыру және олар бойынша міндеттемелерді орындау тәртібін, репо операцияларының қатысушыларының өз міндеттемелерін орындамау тәуекелін азайту бойынша іс-шараларын, сондай-ақ, олардың өз міндеттерін тиісті орындамағаны үшін жауапкершілігін анықтайтын, Биржаның ішкі құжаты;
- 10) **"репо операциясының мерзімі"** – күнмен есептелетін, репо ашылу және жабылу даталары арасындағы уақыт аралығы;
- 11) **"Орталық депозитарийдегі есеп-шот"** – репо операцияларының заты ретінде қолданылатын бағалы қағаздарды есепке алуға арналған, Орталық депозитарийде ашылған қосалқы шот;
- 12) **"сауда-саттық жүйесі"** – Биржа мүшелері арасында эмиссиялық бағалы қағаздармен және қаржы құралдарымен жасалатын мәмілелер жасасуға арналған, Биржаның материалдық-техникалық құралдар, ішкі құжаттар және басқа да қажетті активтер мен процедуралардың кешені *(осы тармақша Биржалық кеңестің 2014 жылдың 28 наурызындағы шешімімен өзгертілген)*;
- 13) **"Биржаның трейдері" немесе "трейдер"** – Биржаның сауда-саттық жүйесін пайдалана отырып, Биржа мүшесінің атынан мәміле жасасуға және басқа да әрекеттерді жүзеге асыруға өкілденген, жеке тұлға *(осы тармақша Биржалық кеңестің 2012 жылдың 28 мамырындағы шешімімен өзгертілген)*;
- 14) **"репо операциясының жабылу бағасы"** немесе **"жабылу бағасы"** – репо жабылу мәмілесі жасалатын репо операциясы затының бағасы;
- 15) **"репо операциясының ашылу бағасы"** немесе **"ашылу бағасы"** – репо ашылу мәмілесі жасалатын репо операциясы затының бағасы;
- 16) **"Орталық депозитарий"** – "Орталық бағалы қағаздар депозитарийі" АҚ.
5. Өз клиентінің атынан әрекет ететін, репо операциясының қатысушысы, брокер болса, комиссия шарты болып табылатын, брокерлік қызмет көрсету туралы келісім-шарт шегіндегі клиент бұйырығына сәйкес репо операциялары бойынша мәмілелерді жасауға міндетті.
6. Осы Ережелерге сәйкес, репо операцияларының заты ретінде қолдануға рұқсат етілген бағалы қағаздардың сауда-саттығына қатысуға құқылы Биржа мүшелері, сауда-саттық жүйесінде жүзеге асырылатын репо операцияларының қатысушысы бола алады.
7. Репо операцияларының қатысушылары, "Мүшелік жарналар мен биржалық алымдар туралы Қағида" атты Биржаның ішкі құжатына сәйкес, Биржаға репо операциялары бойынша комиссиялық алымдарын төлейді.
8. Репо операцияларын жүзеге асыруға қатысты "Бағалы қағаздардың биржалық сауда-саттық ережелері" атты Биржаның ішкі құжатының "Бағалы қағаздардың биржалық сауда-саттығына қатысушылар" II бөлімімен белгіленген нормалары қолданылады.

## 2 тарау. РЕПО АШЫЛУ ЖӘНЕ ЖАБЫЛУ МӘМІЛЕЛЕРІН ЖАСАСУ

9. Repo операциялары сауда-саттық жүйесінде екі тәсілмен:
- 1) тікелей мәміле жасасу әдісімен өткізілетін сауда-саттықта – "тікелей" тәсілмен;
  - 2) үздіксіз қарсылама аукцион тәсілімен өткізілетін сауда-саттықтарда – "автоматты" тәсілмен жүзеге асырылуы мүмкін *(осы тармақша Биржалық кеңестің 2015 жылдың 11 наурызындағы шешімімен өзгертілген)*.
10. "Автоматты" тәсілмен жүзеге асырылатын, репо операциялары сауда-саттық жүйесінде (осындай репо операциясының заты болып табылатын, бағалы қағаздардан) бөлек қаржы құралдары ретінде қолданылады.
11. "Тікелей" тәсілмен жүзеге асырылатын репо операцияларының заты ретінде қолданылатын бағалы қағаздарды, Биржада айналысқа жіберілген бағалы қағаздар арасынан, өз бетінше (осы Ережелердің 12 және 14 тармақтарында белгіленген ерекшеліктерді ескеріп), осы операцияларға қатысушылар анықтайды.
- Неттингпен репо нарығында репо операциялының заты ретінде қолданылатын, бағалы қағаздарды, "Автоматты репо нарығының маманданымы"<sup>2</sup> атты Биржаның ішкі құжатына сәйкес, репо сатушылары анықтайды *(осы абзац Биржалық кеңестің 2015 жылдың 11 наурызындағы шешімімен өзгертілген)*.
- Неттингпен репо нарығында репо операциялының заты ретінде қолданылатын, бағалы қағаздарға қатысты "Қор нарығында Т+2 сызбасы бойынша мәміле жасасу тәртібі" атты Биржаның ішкі құжатында анықталған шарттар мен Биржаның қор нарығында Т+2 сызбасы бойынша мәміле жасасу тәртібі қолданылады *(осы абзац Биржалық кеңестің 2015 жылдың 11 наурызындағы шешімімен өзгертілген)*.
12. Егер:
- 1) осы эмитент Биржада айналысқа жіберілген өзінің борыштық бағалы қағаздары бойынша сыйақыларын уақытылы төлемесе; және/немесе
  - 1-1) осы эмитент Биржада айналысқа жіберілген борыштық бағалы қағаздарының айналыста болу мерзімі аяқталғаннан кейін атаулы құнын уақытылы төлемесе; және/немесе
  - 2) осы эмитент Биржада айналысқа жіберілген өзінің артықшылықты акциялары бойынша дивидендтерін уақытылы төлемесе; және/немесе
  - 3) осы эмитент шығарған бағалы қағаздардың рұқсат ету бастамашысы листингілік келісім-шартта белгіленген мерзімнен кейін үш ай бойы Биржаға аталмыш эмитенттің қаржылық (соның ішінде аралық) есеп берулерін ұсынбаса; және/немесе
  - 4) осы эмитентпен шығарылған бағалы қағаздардың рұқсат ету бастамашысы Биржаға Листингілік ережелерде белгіленген мерзімнен кейін он күн ішінде осы эмитент және/немесе ол шығарған бағалы қағаздар туралы маңызды ақпараттарды (аталмыш эмитент шығарған бағалы қағаздардың бағасы мен бағалауына ықпал ететін ақпараттарды) ұсынбаса, Биржа Басқармасы шешімімен (шешімдерімен) айтылмыш эмитент шығарған барлық атаудағы бағалы қағаздарды "тікелей" тәсілмен жүзеге асырылатын репо операциясының заты ретінде пайдалануға тыйым салынады.
13. Осы Ережелердің 12 тармағымен белгіленген тыйым, бағалы қағаздардың эмитенті немесе рұқсат ету бастамашысы тыйым салуға негіз болған кемшіліктерін жойғаннан кейін (осы тармақтың екінші абзацында белгіленген ерекшеліктерді ескеріп), Биржа Басқармасының шешімімен күшін жояды.
- Бағалы қағаздарды "тікелей" тәсілмен жүзеге асырылатын репо операциясының заты ретінде пайдалануға салынған тыйым, борыштық бағалы қағаздар бойынша сыйақы төлеу уақытылы болмауына байланысты салынса, осындай тыйым борыштық бағалы қағаздардың келесі кезектегі сыйақысы дер кезінде төленгеннен кейін ғана күшін жояды.

<sup>2</sup> Биржа Басқармасы бекітеді.

14. Егер бағалы қағаздар "Бағалы қағаздарды бағалау әдістемесі" атты биржаның ішкі құжатына сәйкес осы бағалы қағаздардың бағалауы қатарынан 15 күн бойы жүзеге асырылмаса, Биржа Басқармасы шешімімен (шешімдерімен) кез келген атаудағы бағалы қағаздарын "тікелей" тәсілмен жүзеге асырылатын репо операциясының заты ретінде пайдалануға тыйым салынады *(осы тармақ Биржалық кеңестің 2015 жылдың 11 наурызындағы шешімімен өзгертілген)*.
15. "Тікелей" тәсілмен жүзеге асырылатын репо операциясының мерзімі, осы операцияға қатысушылармен, өз қалауымен, бір-бірімен келісіп, белгіленеді (осы тармақтың үшінші абзацымен белгіленген ерекшеліктерді ескеріп).
- Неттингпен репо нарығында жасалатын репо операцияларының стандартталған мерзімдерін Биржа Басқармасы белгілейді *(осы абзац Биржалық кеңестің 2015 жылдың 11 наурызындағы шешімімен өзгертілген)*.
- Репо операцияларына қатысты ашылу және жабылу мәмілелерін жасасуға белгіленген сәтте, осы репо операциясы барысында, аталған репо операциясының заты ретінде қолдануы болжанған, бағалы қағаздардың толық немесе ішінара өтеуі іске асырылатыны белгілі болса, репо операциясын кез келген тәсілмен жүзеге асыруға тыйым салынады.
- Ашылу бағалары ретінде, Биржаның "Бағалы қағаздарды бағалау әдістемесі" атты ішкі құжатына сәйкес анықталған және дисконтталған(автоматты репо нарығында және неттингпен репо нарығында), репо операциялары затының нарықтық бағалары қолданылады *(осы тармақ Биржалық кеңестің 2015 жылдың 11 наурызындағы шешімімен енгізілген)*.
16. Репо операцияларын жүзеге асыруға берілетін өтінімдердің үлгілері сауда-саттық жүйесінде анықталған, осымен бірге:
- 1) репо операциясын "тікелей" тәсілмен жүзеге асырғанда немесе неттингпен репо нарығында жүзеге асырғанда, мәміленің бағыты - "сатып алу" немесе "сату" дегені – ашылу мәмілесін жүзеге асырғанда репо операциясының затын сатып алу немесе сатуды білдіреді *(осы тармақша Биржалық кеңестің 2015 жылдың 11 наурызындағы шешімімен енгізілген)*;
  - 2) репо операциясын "автоматты" тәсілмен жүзеге асырғанда немесе неттингпен репо нарығында жүзеге асырғанда, мәміленің бағыты - "сатып алу" немесе "сату" дегені – ашылу мәмілесін жүзеге асырғанда репо сатушысының ақша алуын немесе репо сатып алушысының ақша аударуын білдіреді *(осы тармақ Биржалық кеңестің 2015 жылдың 11 наурызындағы шешімімен енгізілген)*.
17. Репо операциясын "тікелей" тәсілмен жүзеге асырғанда Репо операцияларын "тікелей" тәсілмен жүзеге асырудың жалпы шарттары туралы келісімнің нормалары қолданылады, сонымен бірге:
- 1) жабылу бағасы, репо затының саны, жабылу датасы мен тәуекелдің рұқсат етілетін деңгейін осы репо операциясының қатысушылары, өз қалауымен, бір-бірімен келісіп (осы Ережелердің 15 тармағының бірінші абзацында белгіленген, репо операциясының максималды мерзімін ескеріп), анықтайды;
  - 2) репо ашылу және жабылу мәмілелерінің сомалары, аталған репо операциясына қатысушыларымен ашылу мәмілесін жасасқанда бекіткен, осы репо операциясы затының саны мен ашылу және жабылу бағаларына көбейтіндісі ретінде анықталады.
18. автоматты репо нарығында репо операциясын жүзеге асырғанда *(осы тармақ Биржалық кеңестің 2015 жылдың 11 наурызындағы шешімімен енгізілген)*:
- 1) сауда-саттық жүйесінде саудаланатын қаржы құралының бағасы ретінде репо операциясының кірістілігі, ал саудаланатын қаржы құралының саны ретінде – ашылу мәмілесінің сомасы қолданылады;
  - 2) егер айтылмыш сатып алушының Орталық депозитарийдегі есеп-шотына репо операциясының заты болып табылатын бағалы қағаздарды аудару мүмкін болмаса, репо сатып алушысының репо операциясын жүзеге асыру бойынша өтінімі сауда-саттық жүйесімен қабылданбауы мүмкін;

- 3) жабылу датасы сауда-саттық жүйесімен автоматты түрде (стандартталған мерзімдер арасынан), репо операциясы жүзеге асырылған мерзіміне қарай, анықталады (осы Ережелердің 24 тармағымен белгіленген ерекшеліктерді ескеріп);
- 4) репо операциясы затының саны, ашылу мәмілесінің нақты сомасы, жабылу бағасы және жабылу мәмілесінің сомасы, "Автоматты репо нарығының маманданымы" атты Биржаның ішкі құжатына сәйкес сауда-саттық жүйесімен автоматты түрде, репо операциясының затына, ашылу мәмілесінің сомасына (осы мәмілені жасасқанда айтылмыш репо операциясының қатысушылары көрсеткен), репо операциясының кірістілігіне, репо операциясының мерзіміне және ашылу бағасына қарай есептеледі, сондай-ақ, ашылу мәмілесінің нақты сомасы (ашылу бағасы мен репо операциясының заттар санына көбейтіндісі), осы репо операциясының қатысушылары ашылу мәмілесін жасасқанда көрсеткен ашылу мәмілесінің сомасына тең немесе осы сомадан бір ашылу бағасынан аспауы тиіс *(осы тармаққа Биржалық кеңестің 2015 жылдың 11 наурызындағы шешімімен енгізілген)*;
- 5) репо жабылу мәмілесі сауда-саттық жүйесімен автоматты түрде, осы тармақтың 4) тармақшасында белгіленген, оның параметрлеріне қарай құрастырылып, репо ашылу мәмілесімен бір уақытта жасалады.

18-1. Неттингпен репо нарығында репо операциясын жүзеге асырғанда:

- 1) сауда-саттық жүйесінде саудаланатын қаржы құралының бағасы ретінде репо операциясының кірістілігі, саудаланатын қаржы құралы ретінде – репо операциясының заты болып табылатын, бағалы қағаздардың саны қолданылады;
- 2) репо сатып алушының ашылу мәмілесін жасасуға өтінімі, осы операцияның заты болып табылатын бағалы қағаздарды есепке қосу үшін Орталық депозитарийдегі сатып алушының шотына аудару мүмкін болмаса, сауда-саттық жүйесімен алып тасталуы мүмкін;
- 3) жабылу датасын сауда-саттық жүйесімен автоматты түрде, осы операция жасалатын (осы Ережелердің 24 тармағымен қарастырылған ерекшеліктерді ескере отырып) репо операциясының мерзіміне қарай (стандартталған мерзімден санынан арасынан) анықталады;
- 4) ашылу мәмілесінің сомасын, жабылу бағасын және жабылу мәмілесінің сомасын есептеу сауда-саттық жүйесімен автоматты түрде, репо операциясының заты, репо операциясы затының саны, ашылу бағасы мен репо операциясының мерзімінен шыға отырып, есептеледі;
- 5) репо жабылу мәмілесі сауда-саттық жүйесімен автоматты түрде, осы тармақтың 4) тармақшасында аталған оның параметрлерінен шыға отырып, қалыптастырылады;
- 6) репо ашылу және жабылу мәмілелеріне қатысты, T+2 сызбасы бойынша қор нарығында мәмілелер жасасу туралы Биржаның ішкі құжатында белгіленген тәртіпте, осы мәмілелерді жасасуға берілетін өтінімдерді қамтамасыз ету бойынша қойылатын талаптар қолданылады. Бұл ретте репо ашылу және жабылу мәмілелерін жасасуға өтінімдер, тиісінше, толық және жартылай қамтамасыз етіледі.

*(Осы тармақ Биржалық кеңестің 2015 жылдың 11 наурызындағы шешімімен енгізілген).*

19. Ашылу және жабылу мәмілелері жасалған репо операциялары, биржалық куәліктермен рәсімделеді.

Биржалық куәлік сауда-саттық жүйесінде бір репо операциясына жататын ашылу және жабылу мәмілелерін жасасу фактін растайтын, сондай-ақ тіркеу фактін және осы мәмілелердің Биржамен есепке алынғанын куәландыратын құжат болып табылады.

Биржалық куәлік екі данада рәсімделіп, біреуі репо операциясы қатысушысының трейдеріне, ал екіншісі, осы репо операциясына жататын ашылу және жабылу мәмілелерінің орындалуын бақылау мақсатында, Биржада қалады.

### 3 тарау. РЕПО АШЫЛУ ЖӘНЕ ЖАБЫЛУ МӘМІЛЕЛЕРІН ОРЫНДАУ

20. Репо операциялары бойынша есептесуді (репо операциясының заты болып табылатын ақшалай және бағалы қағаздармен ашылу және жабылу мәмілелерін орындау), Биржаның берген бұйрығы негізінде және "Бағалы қағаздардың сауда-саттығы қорытындысы бойынша есептесулерді өткізу Регламенті" атты Биржаның ішкі құжатының 2 тарауында белгіленген шарттар негізінде, Орталық депозитарий жүзеге асырады.
- 20-1. Неттингпен репо нарығында жасалған, ашылу және жабылу репо мәмілелеріне қатысты Биржаның клиринг туралы ішкі құжаттарында белгіленген тәртіпте, неттинг әдісін пайдалануды қарастыратын, клиринг процедуралары қолданылады. Репо ашылу мәмілесінен туындайтын, талаптар мен міндеттемелер нетто-талаптар мен нетто-міндеттемелерді есептеуге осы жасалған мәміленің жабылған күнінде, ал репо жабылу мәмілесінен туындайтын талаптар мен міндеттемелер – жабылу мәмілесі орындалған күнінде нетто-талаптар мен нетто-міндеттемелерді есептеуге қосылады *(осы тармақ Биржалық кеңестің 2015 жылдың 11 наурызындағы шешімімен енгізілген)*.
- 20-2. Неттингпен репо нарығында жасалған репо операциялары бойынша есеп айырысуды Орталық депозитарий Биржа ұсынған бұйрықтар негізінде және "Қор нарығында Т+2 сызбасы бойынша мәмілелер жасасу тәртібі" атты Биржаның ішкі құжатында, сондай-ақ Биржаның клиринг туралы ішкі құжаттарында белгіленген шарттармен жүзеге асырылады *(осы тармақ Биржалық кеңестің 2015 жылдың 11 наурызындағы шешімімен енгізілген)*.
21. Репо ашылу мәмілесін орындау ашылу датасына жүзеге асырылып, сатып алушыдан репо сатушысына ашылу мәмілесінің нақты сомасындағы ақшаны аударуды білдіреді де, репо операциясының затын сатушыдан репо сатып алушысына беруді білдіреді.
- Репо жабылу мәмілесін орындау жабылу датасында жүзеге асырылып, репо сатушысынан репо сатып алушысына жабылу мәмілесінің нақты сомасындағы ақшаны аударуды білдіреді де, репо операциясының затын сатып алушыдан репо сатушысына қайтаруды білдіреді.
22. Репо операциясына жататын, "тікелей" тәсілмен жүзеге асырылатын ашылу мәмілесін орындағанда, репо операциясының заты сатушының Орталық депозитарийдегі есеп-шотынан шығарылып, репо сатып алушысының Орталық депозитарийдегі есеп шотына аударылады. Мұндайда, осы репо операциясының заты болып табылатын бағалы қағаздар, репо операциясының мерзімі бойы репо сатып алушысы тарапынан азаматтық-құқықтық мәміле нысаны бола алады. Репо операциясының заты болып табылатын бағалы қағаздардың эмитенті корпоративтік әрекеттерді жүзеге асырғанда, репо операциясының қатысушыларының бір-бірімен қарым-қатынас тәртібі Репо операциясын "тікелей" тәсілмен жүзеге асырудың жалпы шарттары туралы келісімде белгіленеді .
- Автоматты репо нарығында жүзеге асырылатын репо операциясына жататын, ашылу мәмілесін орындағанда, репо операциясының заты сатушының Орталық депозитарийдегі есеп-шотынан шығарылып, репо сатып алушысының Орталық депозитарийдегі есеп шотына аударылады да сонда оқшауланады. Бұл ретте репо операциясының осы заты репо сатып алушысы тарапынан репо операциясы мерзімінде азаматтық-құқықтық мәміле нысаны бола алмайды *(осы абзац Биржалық кеңестің 2015 жылдың 11 наурызындағы шешімімен енгізілген)*.
- 22-1. Неттингпен репо нарығында ашылу мәмілесін жасасқанда, осы мәміле бойынша сатып алушы болып табылатын сауда-саттыққа қатысушы репо операциясының заты болып табылатын бағалы қағаздарды иелік ету құқығына, соның ішінде осы бағалы қағаздармен азаматтық-құқықтық мәмілелер жасасуға немесе осының алдында жасалған мәмілелер бойынша міндеттемелерін орындау үшін қолдануға құқылы болады *(осы тармақ Биржалық кеңестің 2015 жылдың 11 наурызындағы шешімімен енгізілген)*.
23. Автоматты репо нарығында жасалатын репо операциясының мерзімінде, осы бағалы қағаздар бойынша төлемақыларды есептеу және төлеу мақсатында осы операцияның заты болып табылатын бағалы қағаздар тізілімінің тіркеуі жасалса, айтылмыш төлемақыларды есептеу және төлеу репо сатушысының пайдасына жүзеге асырылады *(осы тармақ Биржалық кеңестің 2015 жылдың 11 наурызындағы шешімімен енгізілген)*.



24. Егер жабылу датасы демалыс немесе мерекелік күнге дәл келсе, жабылу мәмілесін орындау осы датадан кейінгі келесі жұмыс күні орындалады. Бұл ретте автоматты репо нарығындағы репо операциясы жүзеге асырғанда сауда-саттық жүйесі автоматты түрде репо жабылу мәмілесінің сомасын, осы репо операциясы мерзімінің нақты ұзақтылығынан шыға отырып, автоматты түрде қайта есептейді *(осы тармақ Биржалық кеңестің 2015 жылдың 11 наурызындағы шешімімен енгізілген)*.
25. Егер репо ашылу және жабылу мәмілелерін орындағанда Растау жүйесі арқылы бақыланатын сауда-саттық есеп-шоттар пайдаланылса, осы мәмілелердің орындалуы Растау жүйесі арқылы, олардың расталуы туралы хабарлама алғаннан кейін ғана, (осы тармақтың екінші абзацында қарастырылған ерекшеліктерден басқа) жүзеге асырылады.
- Автоматты репо нарығындағы репо операциясының жабылу мәмілесін орындау осы операцияның қатысушысы болып табылатын репо сатып алушысынан аталған операцияның растауын талап етпейді *(осы тармақ Биржалық кеңестің 2015 жылдың 11 наурызындағы шешімімен енгізілген)*.
26. Репо жабылу мәмілесін орындауды қамтамасыз ету мақсатында күнде (әр жұмыс күні), Сауда-саттық және Растау жүйесі жұмысының регламентінде белгіленген уақыттан кешіктірмей, осы күні жасалған репо операцияларының қатысушылары сауда-саттық жүйесіне репо операциясына жататын жабылу мәмілесін орындауға даярлығы туралы хабарлама (осы Ережелердің 27 тармағында белгіленген ерекшеліктерден басқа) жіберуі тиіс.
- 26-1. Растау жүйесін пайдаланушыларымен бақыланатын, шоттарды қолдана отырып, неттингпен репо нарығында жасалған репо ашылу және жабылу мәмілелерін растау, Биржаның ішкі құжаттарында белгіленген тәртіпте, осы мәмілелер бойынша клиринг жүргізу нәтижесінде қалытасқан, әр шот бойынша нетто-жайғасымдар бойынша есеп айырысуды растау пайдаланушылары ұсынған мәліметтер арқылы жүзеге асырылады *(осы тармақ Биржалық кеңестің 2015 жылдың 11 наурызындағы шешімімен енгізілген)*.
27. Осы Ережелердің 26 тармағында белгіленген талаптар:
- 1) автоматты репо нарығындағы репо операциялары бойынша сатып алушыларына *(осы тармақ Биржалық кеңестің 2015 жылдың 11 наурызындағы шешімімен енгізілген)*;
  - 2) егер аталған репо операциясының жабылу мәмілесін орындау үшін Растау жүйесі арқылы бақыланатын сауда-саттық шоттары қолданылса, репо сатып алушыларына және сатушыларына қолданылмайды.
28. Осы Ережелердің 27 тармағының 2) тармақшасында көрсетілген, жағдайларда репо операциясына жататын жабылу мәмілесін орындауға даярлығы туралы хабарламаны Растау жүйесінің тұтынушысы "Сауда-саттық және Растау жүйесі жұмысының регламенті" атты Биржаның ішкі құжатында белгіленген уақыттан кешіктірмей, осы мәміленің орындалуы тиіс, сауда-саттық сессиясының аяқталуына дейін сауда-саттық жүйесіне жолдауы тиіс. Бұл ретте аталған хабарламаны белгіленген мерзімде жолдауды жолдау немесе одан бас тарту Растау тұтынушысының тиісінше растауы немесе репоның жабылу мәмілесін растаудан бас тартуы болып табылады.
29. Репо операциясына қатысушысы 26 тармақтың талаптарын орындамаған жағдайда немесе Растау жүйесін пайдаланушысы осы Ережелердің 28 тармағындағы талаптарды орындамаған жағдайда, репо жабылу мәмілесі бұзылды деп саналып, осы мәмілеге осы Ережелердің 36-37 тармақтарында белгіленген қағидалар қолданылады.
30. "Тікелей" тәсілмен жүзеге асырылатын, репо операциясына жататын, репо жабылу мәмілесінің жабылу датасын өзгертуге рұқсат етіледі (осы тармақтың екінші және үшінші абзацтарымен белгіленген ерекшеліктерден басқа). Ол үшін осы операцияның қатысушылары сауда-саттық жүйесінде мәміленің жабылу датасын өзгерту бойынша қажетті әрекеттерді іске асыруы тиіс; осы дата өзгертілді деп тек осындай өзгерту расталғаннан соң қабылданады, сондай-ақ Растау жүйесінің тиісті қатысушылары (егер осы жабылу мәмілесін орындау үшін Растау жүйесі арқылы бақыланатын сауда-саттық шоттары қолданылса) растаса ғана өзгертілді деп саналады. Егер қатысушылар жабылу датасын өзгертсе, репо операциясының жабылу мәмілесінің сомасын, Репо

операцияларын "тікелей" тәсілмен жүзеге асырудың жалпы шарттары туралы Келісімнің 9 тармағының 2 тармақшасына сәйкес, сауда-саттық жүйесі автоматты түрде есептейді.

Егер репо операциясының заты болып табылатын бағалы қағаз, Биржада айналысқа жіберілген бағалы қағаздар санынан шығарылса, "тікелей" тәсілмен жүзеге асырылатын репо операцияларының мерзімін ұзартуға тыйым салынады.

Осы Ережелердің 15 тармағының бірінші абзацында белгіленген, репо операциясының максималды мерзімін бұзуға әкеп соғатын, "тікелей" тәсілмен жүзеге асырылатын репо операциясының мерзімін ұзартуға тыйым салынады.

Автоматты репо нарығында жасалатын репо операцияларының мерзімін ұзартуға тыйым салынады *(осы абзац Биржалық кеңестің 2015 жылдың 11 наурызындағы шешімімен өзгертілген)*.

31. "Тікелей" тәсілмен жүзеге асырылатын репо операциясының мерзімі бойы, аталған операцияға қатысушылардың бір-бірімен келісімімен, репо операциясына жататын орындалмаған жабылу мәмілесінің күшін жоюға рұқсат етіледі (осы тармақтың екінші абзацында белгіленген ерекшеліктен басқа). Жабылу мәмілесінің күшін жою үшін, осы операцияға қатысушылар Биржаға еркін түрде жазылған, орындалмаған жабылу мәміленің күшін жою туралы жазбаша өтініштерін беруі тиіс, осы өтініштерге, нотариуспен расталған, осы қатысушылардың қолтаңбалары мен мөрінің үлгілері қойылған Биржадағы карточкаларына сәйкес, осы қатысушылардың атынан бірінші және екінші қол қою құқығына иеленген тұлғалар қолтаңбаларын қоюы тиіс. Мұнда, егер жабылу мәмілесін орындау үшін Растау жүйесі арқылы бақыланатын сауда-саттық шоттары қолданылуы тиіс болса, Растау жүйесінің тиісті қатысушыларының осы мәміленің күшін жоюға жазбаша түрде келісімдері Биржаға қосымша берілуі тиіс.

"Тікелей" тәсілмен жүзеге асырылатын репо операциясына жататын орындалмаған жабылу мәмілесінің күшін жартылай жоюға тыйым салынады.

32. Кейбір жағдайларда, репо сатушысы репо операциясына жататын, автоматты репо нарығындағы репо ашылу мәмілесін орындау бойынша өз міндеттемелерін орындай алмаса (осы операцияның заты болып табылатын бағалы қағаздары жоқ болса немесе жеткілікті болмаса), оның бастамасымен, бірақ осы операцияның басқа қатысушысының – репо сатып алушысының келісімімен, егер аталған репо сатып алушысының Орталық депозитарийдегі есеп-шотына репо операциясының жаңа заты ретінде ұсынылған бағалы қағаздарын аудару мүмкін болса, осы репо операциясының затын ауыстыруға рұқсат етіледі *(осы абзац Биржалық кеңестің 2015 жылдың 11 наурызындағы шешімімен өзгертілген)*.

Репо операциясының бір затын екіншісіне ауыстыру мүмкіншілігі және осындай ауыстыру заты бола алатын бағалы қағаздар "Автоматты репо нарығының маманданымы" атты Биржаның ішкі құжатына сәйкес анықталады.

- 32-1. Неттингпен репо нарығындағы репо операцияларының затын басқа затқа ауыстыруға рұқсат етілмейді.

Неттингпен репо нарығында жүзеге асырылатын, репо операцияларының мерзімін ұзартуға тыйым салынады.

*(Осы тармақ Биржалық кеңестің 2015 жылдың 11 наурызындағы шешімімен енгізілген)*.

33. Биржа Орталық депозитарийге, оның ішкі құжаттарына (бұйрыққа, ескерпе-хатқа) сәйкес:
- 1) айтылмыш мәміленің орындалған нақты күнінде – осы Ережелердің 30 тармағына сәйкес параметрлері өзгертілген, репо жабылу операциясы туралы;
  - 2) айтылмыш мәміленің күші жойылған күнінде – осы Ереженің 31 тармағына сәйкес күші жойылған репо жабылу операциясы туралы;
  - 3) айтылмыш операцияға жататын ашылу мәмілесінің орындалған күнінде – осы Ережелердің 32 тармағына сәйкес репо операциясының заты басқасына ауыстырылған операция туралы мәліметтер береді.

**4 тарау. РЕПО ОПЕРАЦИЯСЫНА ҚАТЫСУШЫЛАРДЫҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ.  
ДАУ-ДАМАЙЛАР**

34. Репо операциясына жататын, ашылу мәмілесін орындау бойынша операцияның қандай да бір қатысушысы (бұдан әрі осы тармақта – айыпты қатысушы) өз міндеттемелерін орындамауы салдарынан (осы Ереженің 32 тармағына сәйкес репо операциясының заты басқасына ауыстырылу жағдайынан басқа) репо операциясы жүзеге аспай қалған жағдайда:
- 1) репо ашылу мәмілесі бұзылды деп саналады;
  - 2) репо операциясына жататын жабылу мәмілесі, автоматты түрде күшін жойып, саудасаттық жүйесінен алып тасталады;
  - 3) аталған операцияның айыпты қатысушысы бұзылған репо ашылу мәмілесінің нақты сомасынан 0,1 % көлемінде екінші қатысушыға тұрақсыздық төлемін өтеуі тиіс;
  - 4) айыпты қатысушы осы операция бойынша есептелінген комиссиялық алымның толық сомасын (соның ішінде, екінші қатысушының орнына да) Биржаға төлеуі тиіс.
35. Репо сатып алушысы осы Ережелердің 32 тармағына сәйкес репо операциясының затын ауыстырудан бас тартқан жағдайда:
- 1) репо операциясына жататын ашылу мәмілесі бұзылды деп саналады;
  - 2) репо операциясына жататын жабылу мәмілесі автоматты түрде күшін жойып, саудасаттық жүйесінен алып тасталады;
  - 3) осы сатып алушы оған қандай да бір шығындарды өтеуді және тұрақсыздық төлемін төлеуді талап етуге құқы жоқ;
  - 4) осы репо операциясының қатысушы – репо сатушысы айтылмыш репо операциясы бойынша есептелінген комиссиялық алымның толық сомасын (соның ішінде, осы репо сатып алушысының орнына да) Биржаға төлеуі тиіс.
36. Жабылу датасына қандай да бір қатысушы (бұдан әрі осы тармақта – айыпты қатысушы) "тікелей" тәсілмен жасалатын репо операциясы бойынша өз міндеттерін орындамаған жағдайда:
- 1) жабылу мәмілесі бұзылды деп саналады;
  - 2) осы репо операциясының айыпты қатысушысына екінші қатысушыға, Репо операциясын "тікелей" тәсілмен жүзеге асырудың жалпы шарттары туралы келісімде белгіленген тәртіпте есептелген, тұрақсыздық төлемін өтеу, сондай-ақ, осы репо операциясы бойынша есептелген комиссиялық алымның толық сомасын (соның ішінде, зардап шеккен қатысушының орнына) Биржаға төлеу міндеттемесі жүктеледі..
  - 1) жабылу мәмілесінің бұзылғаннан кейін, Биржа екі жұмыс күннен кешіктірмей, мәмілеге қатысушыларды мәміленің бұзылуы туралы жазбаша түрде хабарландырады.
- Бұл ретте зардап шеккен қатысушыға, Қазақстан Республикасының заңнамасы мен Биржаның ішкі құжаттарына сәйкес, аталған репо операциясының айыпты қатысушысынан айтылмыш тұрақсыздық төлемінен үстем шығындардың толық сомасын өндіріп алу құқығы беріледі.
37. автоматты репо анарығындағы репо жабылу мәмілесінің жабылу датасына қандай да бір қатысушы (бұдан әрі осы тармақта – айыпты қатысушы) өз міндеттерін орындамаған жағдайда *(осы абзац Биржалық кеңестің 2015 жылдың 11 наурызындағы шешімімен өзгертілген)*:
- 1) осы репо жабылу мәмілесі бұзылды деп саналады;
  - 2) репо операциясының затынан оқшаулау алынып, репо сатып алушысы тарапынан азаматтық-құқықтық мәмілелер нысаны бола алады;
  - 3) аталған репо операциясының айыпты қатысушысы осы репо операция бойынша есептелген комиссиялық алымның толық сомасын (соның ішінде басқа қатысушының орнына да) Биржаға төлеуге міндетті;

- 4) операцияның басқа қатысушысы қандай да бір шығындарды өтеу және тұрақсыздық төлемін төлеуді талап етуге құқығы жоқ.
  - 5) Биржа Орталық депозитарийден Жиынтық ақпартізімін алғаннан соң, екі жұмыс күннен кешіктірмей, репо операциясы затынан оқшаулау алынғаны және мәміленің бұзылуы туралы репо операциясының қатысушыларына жазбаша хабарлама жібереді.
- 37-1. Осы тармақтың, 39 тармақта белгіленген нормадан басқа, талаптары неттингпен репо нарығында қалыптасқан қарым-қатынастарға қатысты қолданылмайды. Бұл ретте осы операциялар тараптарының репо операциясынан туындайтын өз міндеттемелерін орындамау жағдайларын реттеу, Биржаның клиринг туралы ішкі құжатында анықталған, дефолттарды реттеу процедурасына сәйкес жүзеге асырылады *(осы тармақ Биржалық кеңестің 2015 жылдың 11 наурызындағы шешімімен енгізілген)*.
38. Биржалық кеңес, репо операциясына жататын жабылу мәмілесін орындау бойынша өз міндеттемелерін орындамағаны, толық орындамағаны немесе уақытылы орындамағаны үшін репо операциясының қатысушысын барлық санаттар бойынша Биржа мүшелері қатарынан шығаруға құқылы.
39. Брокерлік қызмет көрсету туралы келісім-шартсыз (комиссия келісім-шарты) өз клиентінің мүддесіне қызмет ететін репо операциясының қатысушысына (брокеріне) қатысты және осындай қатысушының клиенті және/немесе басқа үшінші тұлғаның Биржаға шағымдануы шартымен, Биржалық кеңес репо операциясының осындай қатысушысынан (брокерден) 1 000 айлық есептік көрсеткіш көлемінде тұрақсыздық төлемін (айыппұлды) өндіріп алу туралы шешім қабылдауға құқылы.
40. Егер осы Ережелердің 39 тармағында көрсетілген, жағдай бір репо қатысушысына (брокеріне) қатысты бір және бірнеше мәрте қайталанса, Биржалық кеңес осындай қатысушыны Биржа мүшелігінен барлық санаттар бойынша шығарып тастау туралы шешім қабылдауға құқылы.
41. Репо операциясының қатысушылары арасындағы, сондай-ақ, репо операциясының қатысушылары мен Биржа арасындағы жабылу мәмілелерін жасасу, орындау және репо жабылу сұрақтары бойынша даулар мен келіспеушіліктер келіссөздер жүргізу арқылы, ал егер олар бір-біріне қолайлы шешімге келмеген жағдайда – Биржаның Төрелік комиссиясында шешіледі.

Президент

Қ.Қ. Дамитов

## **Репо операцияларын "тікелей" тәсілмен жүзеге асырудың жалпы шарттары туралы**

### **КЕЛІСІМ**

Осы келісім Репо операцияларын жүзеге асыру Ережелерінің ажыратылмас бөлігі болып табылып, репо операцияларын "тікелей" тәсілмен жүзеге асырудың тәртібін және олар бойынша міндеттемелерді орындау тәртібін, репо операцияларға қатысушылардың өз міндеттемелерін орындамау тәуекелін төмендету шараларын, сондай-ақ, өз міндеттемелерін тиісті орындамағаны үшін жауапкершілігін анықтайды.

### **1 тарау. ЖАЛПЫ ҚАҒИДАЛАР**

1. Осы келісімнің мақсаттары үшін репо операциясы деп, репо операцияларын жүзеге асыру Ережелерінде анықталған, "тікелей" тәсілмен жүзеге асырылатын репо операциясын түсіну керек.
2. Келісімнің шарттары Биржаның сауда-саттық жүйесінде "тікелей" тәсілмен жүзеге асырылатын кез келген операциясына қатысты қолданылып, орындалуы міндетті.
3. Осы келісімде қолданылған ұғымдар келесіні білдіреді:
  - 1) **"жоғарғы қайта бағалау"** – репо операциясы затының нарықтық бағасы бекітілген деңгейден асса, репо сатушысына репо жабылу мәмілесі бойынша міндеттемелерді қайта бағалау жасау құқығын беретін, осы келісіммен анықталған тәртіп.  
Жоғарғы қайта бағалау репо сатып алушысының жабылу мәмілесі бойынша өз міндеттемелерін орындамау қауіпін төмендету мақсатында жасалады;
  - 2) **"Екі жақты келісім"** – жазбаша түрде (Биржаның сауда-саттық жүйесін қолданусыз) құрастырылған, репо операциясына қатысушылар арасындағы келісім-шарт, осы Келісімнің нормаларымен реттелмеген бөлігінде репо операциясы бойынша олардың құқықтары мен міндеттерін анықтайды;
  - 3) **"өтемдік төлемнің тапшылығы"** – репо операциясы затының ағымдағы нарықтық құнының белгілі датаға, қамту коэффициенті мен ашылу мәмілесінің сомасын және осы датаға репо операциясының қатысушылары айтылмыш өтемдік төлемдерді ескеріп, қатынасын белгілейтін, пайызбен көрсетілген мөлшері;
  - 4) **"тәуекелдің рұқсат етілген деңгейі"** – репо операциясын жүзеге асырғанда, репо операциясының қатысушылары бір-бірімен келіскен, репо операциясы затының нарықтық бағасының рұқсат етілген, пайызбен көрсетілген, ауытқу мөлшері, осыған жеткенде төменгі немесе жоғарғы қайта бағалау жағдайы басталады;
  - 5) **"кіріс"** – бағалы қағаздар бойынша төленетін кез келген кіріс (мысалы, дивидендтер, жинақталған сыйақылар);
  - 6) **"өтемдік төлем"** – осы келісімнің 3 тарауында белгіленген шарттарға сәйкес, төменгі немесе жоғарғы қайта бағалауды жүзеге асырғанда, репо сатушысы немесе репо сатып алушысы аударатын қаражат сомасы;
  - 7) **"қамту коэффициенті"** – репо операциясының нарықтық бағасының түзетулерін белгілейтін, репо ашылу датасында қатысушылар бекітетін, пайызбен көрсетілген оң немесе теріс шама. Егер репо операциясының заты сыйақысымен қосып оның нарықтық бағасына қатынасты бағаланса оң, ал дисконтпен қоса бағаланса – теріс шама орнатылады;

- 8) **"Бағалы қағаздарды бағалау әдістемесі"** – "Қазақстан қор биржасы" АҚ Биржалық кеңесінің 2011 жылдың 31 наурызындағы № 07 шешімімен бекітілген Бағалы қағаздарды бағалау әдістемесі;
  - 9) **"өтемдік төлемнің тапшылық модулі"** – өтемдік төлемнің абсолютті тапшылық мағынасына (модуліне) тең, оң шама;
  - 10) **"қайта бағалаудың төменгі шегі"** – репо операциясы затының нарықтық бағасы бекітілген деңгейден төмен түссе, репо сатып алушысына репо жабылу мәмілесі бойынша міндеттемелерді қайта бағалау жасау құқығын беретін, осы келісіммен белгіленген тәртіп.  
Қайта бағалаудың төменгі шегі репо сатушысының жабылу мәмілесі бойынша өз міндеттемелерін орындамау қауіпін төмендету мақсатында жасалады;
  - 11) **"ағымдағы нарықтық құны"** – репо операциясы затының нарықтық бағасы мен санының көбейтіндісі ретінде есептелінетін, репо операциясы затының құны;
  - 12) **"нарықтық баға"** – Бағалы қағаздарды бағалау әдістемесіне сәйкес анықталатын, осы келісім бойынша есептеуге алынатын бағалы қағаздардың бағасы;
  - 13) **"жұмыс күн"** – Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген жұмыс күні;
  - 14) **"репо мөлшерлемесі"** – репо операциясына қатысушылар белгілейтін, және жабылу және ашылу мәмілелерінің сомасын есептеуде қолданылатын, сондай-ақ, осы келісімде белгіленген тәртіпте өтемдік төлемдер бойынша пайыздарды есептеуге арналған, репо операциясының параметрі.
4. Осы келісімде пайдаланылған, анықтамалары осы тарауда берілмеген ұғымдарды, Репо операцияларын жүзеге асыру Ережелері және Биржаның басқа да ішкі құжаттарында анықталғандай түсіну керек.
  5. Осы келісім бойынша кез келген ақшалай шамалары ақша бірлігінің жүзден бір бөлігіне дейін, арифметикалық дөңгелектеу ережелеріне сәйкес, есептеледі.

## 2 тарау. РЕПО ОПЕРАЦИЯЛАРЫН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ЖӘНЕ МІНДЕТТЕМЕЛЕРДІ ОРЫНДАУ ТӘРТІБІ. РЕПО ОПЕРАЦИЯЛАРЫНЫҢ ПАРАМЕТРЛЕРІ

6. Репо операцияларын жүзеге асыру тәртібі (репо операциясының ашылу және жабылу мәмілелері және олар бойынша міндеттемелерді орындау) Репо операцияларын жүзеге асыру Ережелерінде анықталған.
7. Осы келісімге сәйкес репо операциясына қатысушы үшінші жақтардың мүддесіне репо операциясын тек комиссия туралы келісім-шарт негізінде ғана жүзеге асыруға құқылы.
8. репо операциясының шарттары (параметрлері) репо операциясының қатысушылары Биржаның сауда-саттық жүйесіне өтінімдер беруі арқылы анықталады.
9. Репо операциясының параметрлерін есептеу үшін келесі формулалар қолданылады:

- 1) ашылу бағасы:

$$P_o = P_m \times (1 + k/100), \text{ мұнда}$$

$P_o$  – репо операциясының ашылу бағасы;

$P_m$  – репо операциясының ашылу күнінде белгіленген, репо операциясының нарықтық бағасы;

$k$  – қамту коэффициенті, пайызбен (таңбаны ескеріп);

- 2) жабылу мәмілесінің, осы келісімнің 33, 38 және 43 тармақтарына сәйкес, мерзімінен бұрын орындалғанда, сондай-ақ, жабылу датасын қатысушылар өзгерткендегі, сомасы:

$$Q_{cn} = Q_o \times (1 + R \times n / (T_o \times 100)), \text{ мұнда}$$

$Q_{cn}$  – репо жабылу мәмілесінің сомасы

$Q_o$  – репо ашылу мәмілесінің сомасы;

$R$  – осы келісімнің 33 және 38 тармақтарына сәйкес, жабылу мәмілесі мерзімінен

бұрын орындалғанда және қатысушылар жабылу датасын өзгерткенде – репо мөлшерлемесі, пайызбен (таңбасын ескеріп); осы келісімнің 43 тармағына сәйкес жабылу мәмілесі мерзімінен бұрын орындалғанда – репо мөлшерлемесі пайызбен (таңбасын ескеріп) оған плюс 5 % (егер айыпты қатысушы репо сатушысы болса) немесе репо мөлшерлемесі пайызбен (таңбаны ескеріп) одан минус 5 % (егер айыпты қатысушы репо сатып алушысы болса);

$n$  – репо операциясының ашылу датасынан (есепке алынбайды) жабылу датасына дейін (қоса есептелініп) күнтізбелік күн саны;

$T_0$  – күнтізбелік жылдағы күндер саны (365 немесе 366);

3) репо мөлшерлемесі:

$$R = \frac{(P_c - P_0) \times T_0}{n \times P_0} \times 100\%, \text{ мұнда}$$

$R$  – репо операциясы бойынша мөлшерлемесі, пайызбен (таңбасын ескеріп);

$n$  – репо операциясының ашылу датасынан жабылу датасына дейін күнтізбелік күндер саны (жабылу датасы қосып есептелінеді, ал ашылу датасы есептелінбейді);

$P_0$  – репо операциясының ашылу бағасы;

$P_c$  – репо операциясының жабылу бағасы;

$T_0$  – күнтізбелік жылдағы күндердің нақты саны (365 немесе 366).

10. Репо операциясының қатысушылары белгілі бір датада бір-бірімен осы репо операциясы бойынша өз міндеттемелерін төлеу мақсатында төлемдер жасауы тиіс болса, осындай міндеттемелерді орындау бойынша қарсылама талаптар есепке алынуы тиіс.

11. Репо жабылу мәмілесі мерзімінен бұрын жабылғанда, 33 және 38 тармақтармен белгіленген шарттарға сәйкес, мәміленің мерзімінен бұрын жабылуын талап еткен репо операциясының қатысушысы осы репо операциясының басқа қатысушысына тиісті талаптар жолдайды. Мұндайда:

1) репо операциясының қатысушылары, репо операциясының басқа қатысушысы осындай талаптарды алғаннан кейін екінші жұмыс күннен кешіктірмей, өз міндеттемелерін орындауы тиіс;

2) мерзімінен бұрын орындалатын репо операциясының жабылу датасы ретінде осы репо операциясының қатысушылары жабылу мәмілесі бойынша өз міндеттемелерін нақты орындаған күн, бірақ репо операциясының басқа қатысушысы осындай талаптарды алғаннан кейін екінші жұмыс күннен кешіктірмей, болып саналады;

3) мерзімінен бұрын орындалатын репо операциясының жабылу мәмілесінің сомасы осы келісімнің 9 тармағының 2) тармақшасына сәйкес есептеледі.

12. Репо операциясының жабылу мәмілесінің мерзімінен бұрын орындалғанда, осы келісімнің 43 тармағында белгіленген шарттарға сәйкес, жабылу мәмілесінің мерзімінен бұрын орындалуын талап еткен репо операциясының қатысушысы репо операциясының басқа қатысушысына тиісті талап жолдайды. Мұндайда:

1) талап, репо операциясының басқа қатысушысына өтемдік төлемдерді аудару бойынша міндеттемелерін тиісті орындау үшін белгіленген күннен кейінгі келесі күннің Алматы уақытымен 12.30-дан кешіктірмей, жолдануы тиіс;

2) мерзімінен бұрын орындалатын репо операциясының жабылу датасы ретінде репо операциясының басқа қатысушысы аталған талапты алған күні саналады;

3) мерзімінен бұрын орындалатын жабылу мәмілесінің сомасы осы келісімнің 9 тармағының 2) тармақшасына сәйкес қайта есептеледі.

13. Жабылу мәмілесін мерзімінен бұрын орындау талабын репо операциясының қатысушысы Биржаның сауда-саттық жүйесіне тиісті формасын беру арқылы жолданады.

14. Repo операциясының қатысушысы жабылу мәмілесін мерзімнен бұрын орындау талабын алған датасы ретінде Биржаның сауда-саттық жүйесінде аталмыш талаптың тіркелген күні болып саналдады.

### 3 тарау. РЕПО ОПЕРАЦИЯСЫ БОЙЫНША МІНДЕТТЕМЕЛЕРДІ ҚАЙТА БАҒАЛАУ

15. Repo операциясының қатысушылары жабылу мәмілесі бойынша өз міндеттемелерін орындамау тәуекелін төмендету мақсатында, repo операциясының қатысушылары осы келісімнің 16 тармағында қарастырылған жағдайлар орын алғанда, тиісті repo операциясы бойынша міндеттемелерінің төменгі немесе жоғарғы қайта бағалауын жүзеге асырады.
16. Repo мерзімінде, осы repo операциясына қатысушылар белгілеген, repo операциясының қатысушысының өтемдік төлемнің тапшылық модулі рұқсат етілген тәуекел мөлшеріне жетсе немесе асса, төменгі немесе жоғарғы қайта бағалау жағдайы басталады. Мұндайда, егер өтемдік төлемнің тапшылық мағынасы теріс болса – төменгі қайта бағалау жағдайы, ал оң болса – жоғарғы қайта бағалау жағдайы басталады.
17. Өтемдік төлемнің тапшылығы мынадай формуламен есептеледі:

$$DKP = \left( \frac{Q_m \times (1 + k/100)}{Q_o + KP_b - KP_s} - 1 \right) \times 100\%, \text{ мұнда}$$

- $Q_o$  – ашылу мәмілесінің сомасы;
- $k$  – қамту коэффициенті, пайызбен (таңбасын ескеріп). Осы келісімнің 41 тармағының мақсаттары үшін  $k$  мағынасы 0-ге тең деп алынады;
- $KP_b$  – repo сатып алушысы аударған және repo сатып алушысы қайтармаған, өтемдік төлемдердің сомасы;
- $KP_s$  – repo сатушысы аударған және repo сатып алушысы қайтармаған, өтемдік төлемдер сомасы;
- $Q_m$  – өтемдік төлемнің тапшылық көрсеткішін есептеу күніндегі, repo операциясы затының ағымдағы нарықтық құны.
18. Төменгі қайта бағалау жағдайы басталғанда, repo сатып алушысы repo сатушысынан өтемдік төлемнің осындай қайта бағалау басталған күннің Алматы уақытымен 12.30-ға дейін аударуын талап етуге құқылы.
19. Төменгі қайта бағалау жағдайы басталған фактіні сауда-саттық жүйесі автоматты түрде анықтап, repo сатып алушысына, сауда-саттық жүйесінде тиісті хабарлама жіберу арқылы, дереу хабарландырылады.
20. Жоғарғы қайта бағалау жағдайы басталғанда, repo сатушысы repo сатып алушысынан өтемдік төлемнің осындай қайта бағалау басталған күннің Алматы уақытымен 12.30-ға дейін аудатуын талап етуге құқылы.
21. Жоғарғы қайта бағалау басталуы фактіні сауда-саттық жүйесі автоматты түрде анықтап, repo сатушысына, сауда-саттық жүйесінде тиісті хабарлама жіберу арқылы, дереу хабарландырылады.
22. Өтемдік төлем келесі формуламен анықталады:

$$KP = (DKP_{mdl} / 100) \times (Q_o + KP_b - KP_s), \text{ мұнда}$$

- $KP$  – аударылатын өтемдік төлем;
- $DKP_{mdl}$  – өтемдік төлемнің тапшылық модулі, пайызбен;
- $Q_o$  – ашылу мәмілесінің сомасы;
- $KP_b$  – repo сатып алушысы аударған және repo сатушысы қайтармаған өтемдік төлем сомасы;
- $KP_s$  – repo сатушысы аударған және repo сатып алушысы қайтармаған өтемдік төлем сомасы.



23. Өтемдік төлем аудару талабы қойылған репо операциясының қатысушысы осы репо операциясы бойынша репо операциясының екінші қатысушысынан өтемдік төлемдерді асыдан бұрын алған болса, осы талапқа сәйкес ол аударатын өтемдік төлемге:
  - 1) одан алған және оған қайтарылмаған өтемдік төлемдердің сомасы (осы келісімнің 22 тармағына сәйкес анықталған өтемдік төлемнің сомасынан аспайтын мөлшерде);
  - 2) репо операциясы қатысушысының өтемдік төлемінің өзі (осы келісімнің 22 тармағында белгіленген шарттарға сәйкес анықталған өтемдік төлем мен репо операциясының екінші қатысушысынан алған, бірақ қайтармаған алдыңғы өтемдік төлемнің сомасы арасындағы айырмасы) кіргізіледі.
24. Осы келісімнің 18 немесе 20 тармақтарымен белгіленген шарттарға сәйкес, өтемдік төлемді аудару туралы хабарлама жолданған, репо операциясының қатысушысы өтемдік төлемді осындай талапты алған күннің Алматы уақытымен 17.00-ге дейін аударуға міндеттеледі.
25. Өтемдік төлемді аудару туралы талапты репо операциясының қатысушысы, Биржаның сауда-саттық жүйесіне тиісті форманы беру арқылы, жолдайды.
26. Репо операциясының қатысушысы өтемдік төлемді аудару туралы талабын алу датасы ретінде Биржаның сауда-сатық жүйесінде осы талаптың тіркелген күні болып саналады.
27. Репо сатушысы репо жабылу мәмілесі бойынша өз міндеттемелерін, соның ішінде, 33 38, 43 және 46 тармақтарда белгіленген шарттарға сәйкес оның мерзімнен бұрын орындағанда, репо операциясының репо сатушысы, аталған жабылу мәмілесі жататын, репо операциясы бойынша өтемдік төлемдерінің сомасы репо сатушысына (егер ол, осы келісімнің 23 тармағында белгіленген шарттарға сәйкес, оған осының алдында қайтарылмаса) қайтарылуы тиіс.
28. Репо сатып алушысы репо жабылу мәмілесі бойынша өз міндеттемелерін, соның ішінде, 330 39, 44 және 47 тармақтарда белгіленген шарттарға сәйкес оның мерзімнен бұрын орындағанда, репо операциясы бойынша репо сатып алушысы, аталған жабылу мәмілесі жататын, репо операциясы бойынша өтемдік төлемдерінің сомасы репо сатушысына (егер ол, осы келісімнің 23 тармағында белгіленген шарттарға сәйкес, оған осының алдында қайтарылмаса) қайтарылуы тиіс.
29. Өтемдік төлем алған репо қатысушысы, осы өтемдік төлемді аударған репо қатысушысына өтемдік төлемді алған күннен (кезеңді есептеуге қосылмайды) оны қайтару күнге дейін қоса есептелінген кезеңге репо мөлшерлемесі бойынша өтемдік төлем бойынша пайызын төлеуге міндетті.
30. Осы келісімнің 27, 28 және 29 тармақтарында белгіленген шарттарға сәйкес өтемдік төлемдер бойынша өтемдік төлемдер сомасы мен пайыздарын қайтару, өтемдік төлемдер аударылған, репо операциясының жабылу мәмілесі бойынша міндеттемелерді орындаған күні жүзеге асырылады.
31. Репо операциясының ашылу және жабылу мәмілелерін орындау үшін Растау жүйесі арқылы бақыланатын сауда-саттық шоттары қолданылуы тиіс болса, өтемдік төлемдерді аудару тек Растау жүйесі арқылы олардың расталуынан кейін ғана жүзеге асырылады.
32. Репо операциясын жүзеге асыру Ережелеріне сәйкес, жабылу мәмілесі күшін жойған жағдайда, репо операциясының қатысушылары, аталған жабылу мәмілесі жататын, репо операциясы бойынша төленген өтемдік төлемдерді, сондай-ақ олар бойынша пайыздарды қайтару міндеттемесінен босатылады.
33. Бағалы қағаздарды бағалау әдістемесіне сәйкес, репо операциясының заты болып табылатын бағалы қағаздың нарықтық бағасын бағалау репо операциясының мерзімінде екі апта бойы жасалмаса, аталған репо операциясының кез келген қатысушысы жабылу мәмілесінің мерзімінен бұрын орындалуын талап етуге құқылы.

#### **4 тарау. ЭМИТЕНТ КОРПОРАТИВТІК ӘРЕКЕТТЕРДІ ЖҮЗЕГЕ АСЫРҒАНДАҒЫ, РЕПО ОПЕРАЦИЯСЫНА ҚАТЫСУШЫЛАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ**

34. Репо операциясы мерзімінде, осы репо операциясының заты болып табылатын бағалы қағаздар эмитенті осы бағалы қағаздар бойынша негізгі қарыздың есебіне төлемдер жасаса, осы төлемдер сатушының сатып алушыға аударған, аталған төлемнің сомасына

тең, өтемдік төлемдер деп саналады және оларға осы келісімнің 3 тарауында белгіленген талаптар қолданылады. Репо сатып алушының осындай өтемдік төлем алған датасы ретінде бағалы қағаздар эмитентінің төлемдер жасаған датасы болып саналады.

35. Репо операциясының мерзімі бойы, осы репо операциясының заты болып табылатын, бағалы қағаздардың эмитенті осы бағалы қағаздар бойынша кіріс төлеуді жүзеге асырса, егер репо операциясының қатысушылары Биржаның сауда-саттық жүйесінде ашылу мәмілесін жасасқанда немесе, басқа екі жақты келісімде өзгесі белгіленбесе, репо сатып алушысы репо сатушысына алынған кіріс сомасына тең соманы, осы кіріс төленген күннен кейін он жұмыс күннен кешіктірмей, төлеуі тиіс.
36. Осы келісімнің 35 тармағының мақсаттары үшін, алынған кіріс сомасы бағалы қағаздар эмитенті төлеген, бағалы қағаздардың эмитенті немесе төлеу агентімен іске асырылған және осындай кіріс алумен байланысты барлық шегерілімдер мен ұстап қалулар ескерілген, нақты сома ретінде анықталады.
37. Осы репо операциясының заты болып табылатын бағалы қағаздар эмитентінің акционерлер жалпы жиналысына қатысуға құқылы тұлғалардың тізімін құру сәтінде репо сатып алушысы айтылмыш тізімге енгізілетін болса, акционерлердің жалпы жиналысына қатысу және репо операциясының заты бойынша дауыс беру құқығы, өзгесі репо операциясы қатысушыларымен Екі жақты келісімде белгіленбесе, репо сатып алушысына тиесілі болады. Репо сатушысына акционерлердің жалпы жиналысына қатысу және репо операциясының заты бойынша дауыс беру құқығын беру үшін Екі жақты келісімде репо сатып алушысы репо сатушысына акционерлердің жалпы жиналысына қатысу және репо операциясының заты бойынша дауыс беру құқығын беру міндеті белгіленуі тиіс.
38. Репо операциясының заты болып табылатын бағалы қағаздардың эмитенті репо операциясының мерзімінде қайта ұйымдастыру туралы (кез келген нысанда) шешім қабылданса, осы репо операциясының кез келген қатысушысы, қайта ұйымдастырылатын эмитенттің бағалы қағаздары репо операциясының заты болып табылатын, репо жабылу мәмілесінің мерзімімен бұрын орындалуын талап етуге құқылы.
39. Репо операциясының заты болып табылатын бағалы қағаздардың эмитенті репо операциясы мерзімінде, осы репо операциясының қатысушыларының кез келгенінде қосымша құқықтар (міндеттер) пайда болуына әкелетін (әкелуі ықтимал), қандай да бір корпоративтік әрекеттерді жүзеге асырса, осы жағдайдың реттелуі репо операциясының қатысушылары арасында жасалған Екі жақты келісімде анықталады. Егер айтылмыш реттеу мүмкін болмаса, осы репо операциясының кез келген қатысушысы аталмыш эмитенттің бағалы қағаздары репо операциясының заты болып табылатын репо жабылу мәмілесінің мерзімімен бұрын орындалуын талап етуге құқылы.

#### **5 тарау. КЕЛІСІМДІ БҰЗУ ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ РЕПО ҚАТЫСУШЫЛАРЫНЫҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ**

40. Осы келісімнің мақсаттары үшін төменде берілген жағдайлардың әрқайсысы "келісімді бұзу жағдайы", оның басталуына қолжеткізген репо қатысушысы "айыпты қатысушы", ал екінші қатысушысы – "зардап шеккен қатысушы" болып табылады:
  - 1) репо қатысушысы ақша төлеу (соның ішінде өтемдік төлемдер) бойынша және/немесе, осы келісім шегінде жасалған репо операциясының шарттарына сәйкес, репо операциясының затын жеткізу бойынша өзіне алған міндеттемелерін (толық көлемде және/немесе белгіленген мерзімде) орындайды немесе тиісті түрде орындамайды;
  - 2) репо қатысушысы, осы келісім шеңберінде жасалған репо операциясының шарттарына сәйкес, кез келген өзге де міндеттерін орындайды немесе тиісті түрде орындамайды.
41. Репо операциясының қатысушыларының бірі ашылу мәмілесін орындау бойынша өз міндеттемелерін орындамау немесе тиісті орындамау салдарынан басталған келісімді бұзу жағдайы Репо операциясын жүзеге асыру Ережелеріне сәйкес реттеледі.
42. Репо операциясының қатысушыларының бірі жабылу мәмілесін орындау бойынша өз міндеттемелерін орындамау немесе тиісті орындамау салдарынан басталған келісімді бұзу жағдайы Репо операциясын жүзеге асыру Ережелеріне сәйкес реттеледі. Осы жағдайда айыпты қатысушы төлеуге міндетті тұрақсыздық төлемінің мөлшері келесідей анықталады:

- 1) егер айыпты қатысушы репо сатушысы болса:
  - осы келісімнің 17 тармағына сәйкес жабылу мәмілесінің бұзылған күнінде есептелінген, өтемдік төлем тапшылығының мағынасы теріс болса, төлеуге жататын тұрақсыздық төлемінің мөлшері осы келісімнің шарттарына сәйкес жабылу мәмілесінің бұзылу датасында есептелінген өтемдік төлем және репо мөлшерлемесіне тең (таңбасын ескеріп), ашылу мәмілесінің сомасына есептелінген пайыздарға плюс 5 % репо операциясының ашылу датасынан (есептеуге алынбайды) репо операциясының жабылу мәмілесінің датасына дейін қоса есептелінген мөлшерлемесіне тең;
  - осы келісімнің 17 тармағына сәйкес, жабылу мәмілесінің датасында есептелінген, өтемдік төлемнің тапшылық мағынасы оң немесе 0-ге тең болса, төлеуге жататын тұрақсыздық төлемінің мөлшері, репо мөлшерлемесіне тең мөлшерлеме бойынша ашылу мәмілесінің сомасына есептелген пайыздар (таңбасын ескеріп) плюс репо ашылу датасынан (есептеуге алынбайды) жабылу мәмілесінің бұзылған датасына дейін қоса есептелген пайыздың сомасына тең;
- 2) егер айыпты қатысушы репо сатып алушысы болып табылса:
  - осы келісімнің 17 тармағына сәйкес жабылу мәмілесінің бұзылған күнінде есептелінген, өтемдік төлем тапшылығының мағынасы теріс болса, төлеуге жататын тұрақсыздық төлемінің мөлшері осы келісімнің шарттарына сәйкес жабылу мәмілесінің бұзылу датасында есептелінген өтемдік төлем және репо мөлшерлемесіне тең (таңбасын ескеріп), ашылу мәмілесінің сомасына есептелінген пайыздарға плюс 5 % репо операциясының ашылу датасынан (есептеуге алынбайды) репо операциясының жабылу мәмілесінің датасына дейін қоса есептелінген мөлшерлемесіне тең;
  - осы келісімнің 17 тармағына сәйкес, жабылу мәмілесінің датасында есептелінген, өтемдік төлемнің тапшылық мағынасы теріс мәнге немесе 0-ге тең болса, төлеуге жататын тұрақсыздық төлемінің мөлшері, репоның ашылу күнінен (есепке алынбайды) жабылу мәмілесін бұзу күні қоса есептелген күнге дейінгі 5 % репо плюс мөлшерлемесіне тең болатын, мөлшерлеме бойынша мәміленің ашылу сомасына есептелген, пайыздар сомасына тең.
43. Репо операциясының қандай да бір қатысушысының аталған мәміле бойынша өз міндеттемелерін орындамауына байланысты, репо операциясының қатысушылары, осы жабылу мәмілесі жататын репо операциясы бойынша олардың төлеген өтемдік төлемдерін қайтару міндеттілігінен босатылады.
44. Репо операциясының қандай да бір қатысушысы, осы келісімнің 24 тармағында белгіленген шарттарына сәйкес өтемдік төлемдерді аудару бойынша өз міндеттемелерін орындамау салдарынан келісімнің бұзылуы жағдайында, зардап шеккен қатысушы біржақты тәртіпте осы репо операциясының жабылу мәмілесінің мерзімімен бұрын орындалуын талап етуге құқылы.
45. Репо операциясының қандай да бір қатысушысы, осы келісімнің 27, 28, 29 және 30 тармақтарында белгіленген шарттарына сәйкес өтемдік төлемдерді және өтемдік төлемдер бойынша есептелінген пайыздарды аудару бойынша өз міндеттемелерін орындамау салдарынан келісімнің бұзылуы жағдайында, айыпты қатысушы зардап шеккен қатысушыға әр бір мерзімі өткен күніне орындалмаған міндеттемелер сомасының 0,15 % көлемінде тұрақсыздық төлемін төлеуге міндетті.
46. Осы келісімнің 35 тармағының талаптарымен белгіленген, репо сатып алушысы репо сатушысына кіріс төлеу мерзімін бұзу салдарынан, келісімнің бұзылуы жағдайында, репо сатып алушысы репо сатушысына алған кіріске есептелген пайызын (репо сатып алушысы репо сатушысына кіріс төлеу датасында, кіріс ретінде алынған бағалы қағаздардың ағымдағы нарықтық құнына есептелінген пайызын) төлеуі тиіс. Кіріске есептелген пайыз, репо операциясының заты бойынша кіріс төлеген репо операциясы үшін белгіленген репо мөлшерлемесі бойынша, мерзімін өткізіп алу кезеңіне, осы кірісті төлеу күнінен кейін он бірінші жұмыс күннен бастап есептелінеді.

47. Осы келісім бойынша айыпты қатысушыдан түскен кез келген сома, ақшалай міндеттемелер бойынша қарызын:
- 1) бірінші кезекте нақты міндеттемені өтеу үшін;
  - 2) екінші кезекте міндеттемелерді орындамау немесе тиісті орындамауға байланысты төленетін тұрақсыздық төлемінің сомасын өтеу үшін жолданады.

#### **6 тарау. РЕПО ОПЕРАЦИЯСЫ ҚАТЫСУШЫЛАРЫНЫҢ МӘЛІМДЕМЕЛЕРІ МЕН КЕПІЛДЕРІ**

48. Репо операциясының қатысушылары бір біріне:
- 1) осы келісім, сондай-ақ, осы келісім шеңберінде жүзеге асырылған репо операциясы бойынша өзіне алған міндеттемелерін орындау үшін тиісті заңды өкілеттілігіне ие болуын;
  - 2) осы келісімнің шарттарын орындау салдарынан үшінші жақтармен жасасқан өзге келісімдер, келісім-шарттар немесе келісушіліктердің талаптарын бұзуға әкеп соқпайтынын;
  - 3) осы бапта мазмұндалған, мәлімдемелерге кез келген өзгерістер енгізуі туралы дереу бір-біріне хабарлауын талап етеді және кепілдейді.
49. Репо қатысушыларының өзгертулер енгізу туралы мәлімдеме жасамаса, осы келісімнің 47 тармағында жасалған репо операциясы қатысушыларының мәлімдемелері осы келісімнің жасалу датасынан бастап және қолданыста болу мерзімінде дұрыс деп саналады.